

А. Б. Байсұлтанов, біліктілікті арттыру факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТИСІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ОЛҚЫЛЫҚТАР ЖАЙЫНДА

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-18-баптары аралығында қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің жалпы белгілері көрсетілген нормалар жинақталған. Олардың заңда белгіленген моделі жалпы бірізділік және логикалық түрде дұрыс орын алған: әуелі жалпы талаптар, кейін жалпы ережеден тыс тұстары және ауытқулар көрсетілген. Дегенмен, оларды қолданған кезде кейбір қиындықтар туындайды.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 2-бөлігінде заң шығарушы кейбір қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жасты 16-дан 14-ке түсірген. Мұндай қадам мазмұны жағынан түсінікті. Бұл он алты жасқа келмей-ақ қоғамдық қауіптілігін түсінетін қылмыстарға қатысты жасалған.

Алайда, заң шығарушы қылмыстық заң құрылысының кейбір ерекшеліктерін назардан тыс қалдырған секілді. Сөз жеңілдететін мән-жайлары бар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық (мысалы, ҚР ҚК 100-103-б.б. көзделген) жөнінде болмақ. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық ҚК 15-бабына сәйкес 16 жастан басталады. Сондай-ақ, олардың құрамдары жалпы нормаларға қатысты арнайы ережелермен қарастырылған. Сондықтан ҚК 13-бабының 3-бөлігіне сәйкес он алты жасқа толған және аталған іс-әрекеттерді жасаған адамдар жеңілдетілген мән-жайлары бар болған жағдайда осындай қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартылады. Сонымен қатар, 16 жасқа толмаған жасөспірімдер, мәселен, ҚК 99-бабында көзделген кісі өлтірудің субъектісі бола алады, ал, олардың жеңілдетілген мән-жайлары бар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылығы жоққа шығарылады. ҚР ҚК 13-бабы 3-бөлігі мен 15-бапта дәлме-дәл грамматикалық мағынасына сәйкес он бес жасар жасөспірім жеңілдетілген мән-жайлары бар қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері көзделген іс-әрекеттерді жасаса, жалпы негізде жауапқа тартылулары мүмкін, себебі, арнайы норманың белгілері болмаса жалпы норма қолданылады.

Бұл шешіммен келісу қиынға соғады, себебі, ол тантық көрінеді. Бірдей іс-әрекет жасағаны үшін жасөспірім ересек адамға қарағанда қатаңырақ жазаға тартылады. Бұл жерде, әрине, заңшығарушылық техникалық олқылық орын алған.

Біздің ойымызша, он алты жасқа толмаған адамдар жеңілдетілген мән-жайлары бар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартылмайды. Бұған негіз қылмыстық заңды жалпы қолдану логикасын айқындайтын оның жүйелі мағынасы болып табылады. Айталық, Қазақстан Республикасы ҚК 6 бөлімінің ережелеріне сай кәмелетке толмағандар үшін жазаның ең жоғарғы шегі төмендетілген. Бұдан басқа, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың неғұрлым жеңіл шарттары, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі және т. б. көзделген. Мұның бәрі бірдей іс-әрекеттер жасағаны үшін кәмелетке толмағандар ересектерге қарағанда неғұрлым қатаң жауаптылыққа тартылуы мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл заңшығарушылық техниканың олқылығы қылмыстық заңның қағидалары, презумпциялары, олқылық және коллизиялық ережелері кіретін заңнаманың жүйесіне қатысты механизмін қолдану арқылы жойылуы қажет¹¹.

Алдағы уақытта Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабы жеңілдетілген мән-жайы бар қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайтын іс-әрекеттерге қатысты жалпы норманың қолданылуын шектеу жөнінде ескертпемен толықтыру қажет тәрізді.

Қазіргі қылмыстық заңнамада психикасы бұзылған есі дұрыс адамдардың қылмыстық жауаптылығы қосымша реттеледі. Қазақстан Республикасы ҚК 17-бабы 1-бөлігінде, бір жағынан, шектелген есі дұрыстықтың түсінігі берілген, ал екінші жағынан, бұл жерде есі дұрыстықтың әртүрлілігі жайында айтылған, сол себепті, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта психикасының бұзылуы салдарынан өзінің әрекеттерінің

(әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаған не оларға ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 17-бабының 2-бөлігінде екі ереже көрсетілген. Біріншісі, есі дұрыстықты жоққа шығармайтын психикасының бұзылуын ескеру соттың міндеті ретінде анықтайды. Және қылмыстық заңның жүйелік мағынасына сай шектелген есі дұрыстық күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау жазаны жеңілдететін мән-жай болып қаралу қажет. Мұндай қорытынды мынадан шығады, ҚК 53-бабында көрсетілген жазаны жеңілдететін мән-жайлардың тізімі ашық, ал, жазаны ауырлататын мән-жайлардың тізбесі (54-б.) шектелген. Сөйтіп, 17-бапта тағы бір міндетті түрде ескерілетін жазаны жеңілдететін мән-жай белгіленген. Бұл ережені дұрысында ҚК 53-бабында орналастырған жөн, себебі, оның мақсаты тек біреу ғана — жазаны жеңілдету.

Екінші ереже шектелген есі дұрыстық күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін сот құқығын белгілейді. Бұл ереже 91-бапта да көрсетілген, сондықтан да 17-баптан алып тастауға болады.

ҚК 17-бабында көрсетілген ережелердің моделін шолып, былай қорытындылауға болады, осы баптың 2-бөлігін алып тастап, жазаны жеңілдететін мән-жайлар қатарын «Адамның есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикалық күйзеліс күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауы» деп толықтыруға болады. Бұл жаңалықтар қылмыстық заңның мағынасын өзгертпейді. Бір жағынан, ол қылмыстық заңның мәтінін үнемдеу жағынан ұтымды, ал, екінші жағынан ережелердің қажеттілік қызметіне қарай ретімен орналастыру, яғни, заңды дәл және дұрыс қолдану кепілдігін ұлғайту үшін қажет.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-18-баптарында қылмыстық құқықта әрекетқабілеттілік мәселелерін реттейтін жалпы нормалар белгіленген. Сонымен қатар, Кодекстің Ерекше бөлімінің көптеген баптарында нақты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың қосымша шарттары қарастырылған. Арнайы субъектісі бар құрамдарды құрастырудың бірқатар өзіндік ерекшеліктері болады, оларды заң шығарушы ескеруі қажет.

Айталық, Қазақстан Республикасы ҚК 244 және 245-баптарында салық немесе бюджетке міндетті төлемдерді төлеуден жалтарғаны үшін жауаптылық көзделген нормалар орналасқан. Оларды талдап, қарастырылған құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты жекедаралау логикасы жағынан екі шешім шығаруға болады.

Бір жағынан, жауаптылық төленбеген салықтың көлемі бойынша жекедараланған. Салық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық көзделген ҚК екі бабы да төленбеген төлемнің мөлшерімен ажыратылады. Мәселені бұлай қарау жалпы орынды және ретімен деп айтуға болады.

Екінші жағынан, заң шығарушы ұйымның салық төлеуден жалтарғаны үшін неғұрлым қатаң жаза көздеп отыр. Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура пайдаланыла отырып жеке тұлғаның салық төлемеуі Қазақстан Республикасы ҚК 244-бабының 2-бөлігіне сәйкес үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға, ал дәл сол жағдайда ұйымға салынатын салықтан жалтарса, 245-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне қарай қылмыстық жауаптылықты жеке-даралау кезінде заң шығарушы, шамасы, кәсіпорынның жетекшісі салық салынатын объектілерді жасыруға мол «мүмкіндігі» бар, сол себептен де мемлекеттің мүдделері ұрымталдау келеді деп санаса керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 244-бабы бойынша жауаптылыққа салық төлеуші ұйымның жетекшісі мен бас (аға) бухгалтерімен қатар, бухгалтерлік құжаттарға табыстар немесе шығыстар туралы көрінеу бұрмаланған деректерді енгізген немесе салық салынатын басқа да объектілерді жасырған сол ұйымның өзге де қызметкерлері тартылуы мүмкін.

Мұндай шешімді құптағанымызбен, ол, бір жағынан, оғаш көрінуі мүмкін. Мәселе мынада, жеке тұлғаның және ұйымның салықтан жалтарғаны үшін қылмыстық жауаптылық төленбеген төлемнің әртүрлі мөлшері үшін туындайды. Мәселен, жеке тұлғаның салықтан жалтаруы, егер бюджетке түспеген төлемдердің сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, қылмыстық құқық бұзушылық болады, ал ұйымның

салық төлеуден жалтаруы, егер ол сома жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асса, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет болып танылады.

Демек, егер, заңды түрде тіркелген ұйымы бар адам он тоғыз мың есе АЕК мөлшерінде салық төлемесе, қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Ал, егер, дәл осындай іс-әрекетті жеке кәсіпкер жасаса, онда қылмыстық жауаптылық туындайды. Ойлап қарағанда, жауаптылықты жеке даралаудың жалпы логикасына сүйенсек, ұйымның салық төлеуден жалтаруы неғұрлым қатаңырақ жазалануы қажет еді, бірақ, керісінше болып отыр.

Бұл жағдай әділдік қағидасын едәуір бұзады, себебі, кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін тең емес жағдайға қойып тұр. Негізі, заң шығару барысында ондай ой болмаған шығар, дегенмен, қазіргі жағдай солай көрінеді.

Мұндай тығырықтан шығудың жолы, салықтық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін бір дара бап қарастыру қажет секілді. Жауаптылықты жекедаралау тек төленбеген салықтың құнымен ғана іске асырылуы керек. Болашақта субъектінің белгілері бойынша қылмыстық жауаптылықты жеке-даралау мәселелері дұрыс және ретімен шешілгені жөн.

ⁱ Милуков С. Ф. Российское уголовное законодательство: опыт критического анализа. — СПб., 2000. — С. 218-219; Кургузкина Е. Б. Убийство матерью новорожденного: природа, причины, предупреждение. — Воронеж, 1999. — С. 22.

ⁱⁱ Заец А. П. Система советского законодательства (проблема согласованности). — Киев, 1987. — С. 12, 23; Незнамова З. А. Коллизии в уголовном праве: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — Екатеринбург, 1995. — С. 15-16.